Бекітемін

Мектеп директоры

_____ И.Х.Хамидов

Dostyk School Shymkent мектебінің

2024 - 2025 оқу жылындағы мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспары

	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
	1. Жаңа оқу жылының міндеттері мен мақсаты. 2. Тақырыбы: **. «Отбасы тәрбиесі- қоғам негізінің бастауы»** *3. Ата –аналар комитетін сайлау.* 4. Мектеп формасына қойылатын талаптар	05.09.2024	Хамидов И.Х. Сатыбалды А.Ш
	1. Тақырыбы: Баяндама «Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық» 2. 1 тоқсан үлгерім қорытындысы. *3. Оқушылардың сабақтан қатысуы* 4.Әр түрлі мәселелер	08.11.2024	Кадиров Е.Ж Токбурина С.Б Шәкен Ә.Қ

		10.01.2025	
	1. Жарты жылдық үлгерім қорытындысы. 2.Тақырыбы: Құқық бұзушылықтың алдын алу *3.Заң бұзушылық неге әкеліп соғады?»* *4.Оқушылардың* бақылау тест нәтижелері		Токбурина С.Б Шәкен Ә.Қ
I	1. 3-тоқсандағы *оқушылардың сабақ үлгерімі* 2. Қазіргі кездегі дұрыс мамандық таңдау- сәтті болашақ *3. Қорытынды аттестаттау ережесімен паныстыру*	06.03.2025	Токбурина С.Б Ерекенова Н.Г Токбурина С.Б
		23.05.2025	
	1. Қылмыстың алдын алудағы ата- аналар жауапкершілігі» 2.Жазғы кезеңде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізу **3.** 2024 - 2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде таяқтау 4. Әр түрлі мәселелер		Сатыбалды А.Ш Кадиров Е.Ж Токбурина С.Б Хамидов И.Х.

2024 - 2025 ***оқу жылындағы ата-аналар комитетінің құрамы:***

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Абдраймов Т.

Ата-аналар комитетінің мүшелері: Рамазанова Г., Мухабетова Г., Шариханов З.

Мектеп директоры: Хамидов И.Х.

Dostyk School Shymkent мектебі ата-аналар жиналысының

Хаттамасы № 1

05.09.2024 жылы

Қатысқандар:130

10-11 сынып оқушыларының ата- аналары

Күн тәртібінде:

1. Жаңа 2022-2023 оқу жылының міндеттері мен мақсаты.

2. Тақырыбы: 1. **«Отбасы тәрбиесі- қоғам негізінің бастауы»**

3. Ата –аналар комитетін сайлау.

4. Мектеп формасына қойылатын талаптар

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры И.Х.Хамидов сөз алды:

Жаңа 2024-2025 оқу жылында атқарылатын жұмыстарға талдау жасап өтті. Тәртіп бұзудың алдын алу жұмыстары- ата-аналар қауымдастығымен жұмысты дұрыс жолға қойғанда ғана нәтижесін беретіні анық. Осыған орай өткен оқу жылында мектебіміздің тәрбие орталығы ата-аналармен жоспарға сай жүйелі жұмыс жүргізуді жоспарлауда. 2024-2025 оқу жылына арналған мақсат міндеттерге тоқталып өтті.

1. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында жұмыстарын жандандыру.

2. Тәрбие сағаттарының мазмұнын, формасын өзгерту.

3. Тәртіп бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жөніндегі құқықтық білім беру жұмысы жандандырылсын. 4. Сынып жетекшілер ата- аналармен бала тәрбиесіндегі проблемалар іс-шараларға байланысты жұмыс түрін бірлесе отырып жүргізу керек екендігін айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша «Отбасы тәрбиесі – қоғам негізінің бастауы» тақырыбында баяндамасын оқыды.

ДТІЖО А.Ж.Кадиров сөз алды: Отбасы-адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті-отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты.

Ерте кезде балалар оқыса да, оқымаса да дін талап еткен тұрмыс ережесін білуге, орындауға тиісті болған. Ғасырлар бойы қалыптасқан, халық дәстүрлері мен салттары болған, отбасы тәртібі солар арқылы қатаң реттеліп отырған. Мысалы: қызға қандай киім лайықты, шашты бір өрім бе, әлде екі өрім етіп өруі дұрыс па, оны шашбаумен сәндеу керек пе, не орамалдың, не кимешектің астына жасырып қойған жөн бе? дейтін жайларды жіктеген. Ал, қазіргі кезде қыздарымыздың кіндігін көрсетіп жүруі, жарассын-жараспасын киімдерді киюі, өміріміздің бір бөлшегіне айналғанын жасыра алмаймыз. Баланың жақсы адам болуы тек ғана өмірдің ағымынан қалмай киіну ғана емес, ең негізгісі өмірден өз орнын таба алатын азамат ретінде тәрбиелеу жағы ақсап жатады деп сөзін аяқтады.

Үшінші мәселе бойынша ДТІЖО А.Ш.Сатыбалды сөз алды.

Ата –аналар комитетінің құрамына ұсынылған кандидаттарды таныстырды.

Шешім:

1. Жаңа 2024-2025 оқу жылына қойылған мақсат міндеттерді назарға алынсын.
2. Ата-ана отбасылық тәрбиеге көңіл аударсын.
3. Оқушылар сабақтан себепсіз калмауын, кешікпеуін, қымбат бұйымдар әкелмеуін ата- аналар қатаң қадағаласын.

Хатшы: Өрісбай Ұ.

«Отбасы тәрбиесі- қоғам негізінің бастауы»

Отбасы-адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті-отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана оздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты.

Ерте кезде балалар оқыса да, оқымаса да дін талап еткен тұрмыс ережесін білуге, орындауға тиісті болған. Ғасырлар бойы қалыптасқан, халық дәстүрлері мен салттары болған, отбасы тәртібі солар арқылы қатаң реттеліп отырған. Мысалы: қызға қандай киім лайықты, шашты бір орім бе, әлде екі орім етіп оруі дұрыс па, оны шашбаумен сәндеу керек пе, не орамалдың, не кимешектің астына жасырып қойған жөн бе? дейтін жайларды жіктеген. Ал, қазіргі кезде қыздарымыздың кіндігін көрсетіп жүруі, жарассын-жараспасын киімдерді киюі, өміріміздің бір болшегіне айналғанын жасыра алмаймыз. Баланың жақсы адам болуы тек ғана өмірдің ағымынан қалмай киіну ғана емес, ең негізгісі өмірден оз орнын таба алатын азамат ретінде тәрбиелеу жағы ақсап жатады.

Ұрпақ – болашақ, яғни ол адамзаттың болашағы, ал отбасы кішкене мемлекет. Отбасында ынтымақ болмауынан, ерлі-зайыптылар арасындағы алауыздықтан, бірінің сөзін екіншісі тыңдамауы, бала тәрбиесін тым қиындатып жібереді сондықтан ата-ана беделден, тіл алғызу ықпалынан айырылады. Кей ата-аналар оздерінің міндеттерін тек балалардың қарнын ашырмау, киімдерін бүтіндеу деп те ойлайды. Балаларының білімін мектепте алған бағаларымен ғана бағалайды. «2» алса жаман, «5» алса жақсы. Оқу жылы ішінде бірде-бір рет балаларының сабағына қатыспайтын ата-ана, баласы бұзық болса, тәртіпсіз болса ұстаздар қауымына тіл тигізіп, қаралап жататын кездері де аз болмайды. Міне, сондықтан отбасындағы білім беру бағытындағы тәрбиесі жайына қалады. Отбасының аса маңызды міндеттерінің бірі-баланы жарқын істерге, нұрлы мұраттарға тәрбиелеу екендігін естен шығарып алған қаншама ата-ана бар десеңізші. Халқымыздың «Балаңды бес жасқа дейін патшадай сыйла, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, одан соң өзіңе ақылшы дос сана» деген өмірлік қағидасы емес пе.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, оз отының басындағы, ата-ана тәрбиесі. «Баланың бас ұстазы ата-анасы» демекші отбасындағы таным, түсінік қалай қалыптасса, адамның бойында қалатын сол қасиет солай қалыптасады. «Болса тәртіп, бала өседі сомданып, қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы шектен тыс шолжаңдатпай, байсалды, ұғымтал, тілалғыш етіп баулу ата-ананың басты міндеттерінің бірі.

Отбасында бала тәрбиесіне теріс ықпал ететін факторлардан ата-ана әрқашан аулақ болуы керек. «Әкеге қарап ұл осер, шешеге қарап қыз осер», «Әке корген оқ жонар,

шеше көрген тон пішпер» демекші, жалпы отбасында ұл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше. «Қызың өссе қызы жақсымен ауылдас бол, ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол», «Ұл туса елдің қорғаны, Қыз туса елдің көркі» деп халқымыз бекер айтпаған шығар. Мұның бәрі әке-шешенің бала тәрбиелеудегі өздерінің үлгі-өнегесіне де тікелей байланысты болмақ.

Ата-бабамыз отбасы тәрбиесінде еңбекке де көп мән беріп, ол туралы да өзіндік ойларды қалдырған. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған айуанның бірі боласың. Адамзаттың қамы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлы боласың» деп отбасында баланы жастайынан еңбекке баулудың маңыздылығын жоғары қоя білген. «Ата – ана балаға сыншы». Балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырып, немен айналысып жүргендігіне жіте көңіл болсе, мерзімдік басылымдарға жаздырып, әдеби шығармаларды оқуға жасынан дағдыландырса кейін бармақ тістейтін оқиғалардың алдын алуға болар еді.

Үлкенді құрметпен қадір тұту, ілтипатты қарым-қатынаста болу, сыйласа білу, ата-ананы қартайғанда қарау, кішіге қамқор болу-бұл қазақ халқы үшін жазылмаған заңдар. «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды», «Аға әдепті болса, іні әдепті, апа әдепті болса, сіңлі әдепті» т. б. мақалдардан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиеге ерекше назар аударғанын көреміз,

Сонымен, ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің ірге тасы. «Тәрбие – табалдырықтан басталады» нақылы өмірден алынған шындық. Бала тәрбиесі – нәзік те күрделі, әрі қоғамдық жауапкершілікке жатады. Бала – өмірдің гүлі, сол әлеуметтің болашағы. Баланы тәрбиелі де, саналы азамат етіп өсіргіміз келсе, ең алдымен өзіміз кірпіксіз таза, тәрбиелі адам болуымыз керек. Адамгершілік пен саналықтың бастапқы қарапайым белгілерін өнегелі отбасында дарытқан баланың болашағы жарқын, өмірі мәнді болмақ. «Біздің балалар-біздің қарттығымыз, жаман тәрбие-болашақтағы қайғымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәміз» демекші кең байтақ елімізде ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып, ұяттылық, әдептілік, көргенділік, мейірімділік, шапаттылық салтанат құрып үйлесімділік тауып жатса, сол қымбат қасиеттердің бәрі отбасы, ошақ қасында бүршік атып, бұтағын жаятынын естен шығармауымыз керек.

Dostyk School Shymkent мектебі ата-аналар жиналысының

Хаттамасы № 2

8.11.2024 жылы

Қатысқандар:

Ата- аналар, мектеп әкімшілігі,сынып жетекшілер, мектеп психологы,мектеп мед бикесі.

Күн тәртібінде:

Тақырыбы «Салауатты ұрпақ біздің болашағымыз»

1. «Салауатты ұрпақ біздің болашағымыз». (әңгіме сұхбат)
2. «Баланың оқу іс - әрекетіне көмек» (психологиялық тренинг)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектебіміздің мед бикесі әңгіме сұхбат жүргізді:

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жонінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр.

Салауаттылық - ішкіліктен, есірткі, темекіден аулақ болу, дене және жан тазалығын сақтау, тіпті қарапайым түрде айтсақ адамның киім киісі, тамақты қалыппен ішуі де кіретін игі іс-әрекет. Өмір заңдылығы салауатсыздықты кешірмейді, оғаш қылықтар түбінде опық жегізеді.

Жасөспірімдердің салауаттылық өмірге ұмтылысы, зиянды әдеттерді жек көрушілігі олардың өзге адамдармен қарым-қатынасына яғни әлеуметтік ортаға тығыз байланысты. Ұрпақты өмір заңдылықтарына, салауаттылық негіздеріне бейімдеу мектеп жүйесі жүктеген маңызды да жауапкершілігі мол міндет болып табылады.

Мағжан Жұмабаев бір сөзінде: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі...» – депті. Осы ой бүгінгі күні өзекті мәселе болып тұр. Қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Котикова К. ата-аналармен психологиялық тренинг жүргізді.

Сәтті күн болсын, құрметті ата - аналар!

Ата - аналар үшін "Баланың оқу іс - әрекетіне көмек беру"

1.Баланың сабағын жеңілдететін жағдай жасауға тырысыңыз, тұрмыстық – жақсы тамақтану, тұрақты режим, толыққанды ұйқы, жайлы тұрмыстық жағдай, сабақ оқуға жайлы және ыңғайлы орын; эмоционалдық – баланың мүмкіндігіне сенімділік артыңыз, табысты орындауынан үміт күтіңіз, кішкене жетістігі болса да, қуанышыңызды білдіріңіз, баланың оқуына төзімділік, мейірімділік танытыңыз, бала үлгермей жатсақатты сөйлемеңіз; мәдени – балаңызды анықтамалармен, сөздіктермен, атластармен, бейнетаспалармен, мектептің оқу бағдарламасына сәйкес кітапшалармен қамтамасыз етіңіз.

2.Өз балаңызды тыңдаңыз: ол жаттауға, есте сақтауға берген тапсырманы айтып шықсын, жазуға берген мәтінді бөліп-бөліп, асықпай оқыңыз, оқулықтағы сұрақтар бойынша сұраңыз т.с.с.

3.Өзіңіздің бала кезіңіздегі жетістіктеріңіз туралы айтып, білімдеріңізбен бөлісіңіз.

4.Ата-ананың назарында баланың бағасы ғана емес, білім болу керектігін есте ұстаңыз.Сондықтан да баланың болашағы туралы ойлап, алған білімінің қай кезде, не үшін қажеттілігін түсіндіріңіз. Баланың оқуға белсенділігін тудыратын отбасылық дәстүрлер мен әдеттер құрыңыз,

5.Баланың бос уақытын құр қалдырмай, оны мазмұнды әрі, пайдалы етіп өткізуге көмектесіңіз.

6.Балаңызды оқу үлгеріміне қарамай, жақсы көретініңізді сездіріңіз.

7.Балаңызды жан-жақты бақылау үшін және мүмкін көмектер көрсету үшін әрдайым балаңыздың қатысатын үйірмелерінің, факультативтерінің, қосымша сабақтарының, сабақ кестесімен танысыңыз. т.б. Жоғарыда айтылған мәселелерді тыңдай келе, төмендегідей шешім қабылданды.

Шешім:

1. Салауатты ұрпақ біздің болашағымыз екенін ескере отырып, ата- аналар балаларының денсаулығына уақытылы көңіл аударсын.
2. Мектеп психологы Котикованың берген ұсыныстар мен кеңестерін назарға алсын.

Хатшы: Өрісбай Ұ.

«Салауатты ұрпақ біздің болашағымыз»

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр.

Салауаттылық - ішкіліктен, есірткі, темекіден аулақ болу, дене және жан тазалығын сақтау, тіпті қарапайым түрде айтсақ адамның киім киісі, тамақты қалыппен ішуі де кіретін игі іс-әрекет. Өмір заңдылығы салауатсыздықты кешірмейді, оғаш қылықтар түбінде опық жегізеді.

Жасөспірімдердің салауаттылық өмірге ұмтылысы, зиянды әдеттерді жек көрушілігі олардың өзге адамдармен қарым-қатынасына яғни әлеуметтік ортаға тығыз байланысты. Ұрпақты өмір заңдылықтарына, салауаттылық негіздеріне бейімдеу мектеп жүйесі жүктеген маңызды да жауапкершілігі мол міндет болып табылады.

Мағжан Жұмабаев бір сөзінде: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі...» – депті. Осы ой бүгінгі күні өзекті мәселе болып тұр. Қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу.

Бала тәрбиесі әсіресе, мектептен тыс уақыттағы сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың мән-мағынасы өте зор болып келеді.

Жастар денсаулығының нашарлауы, олардың ағзаларының ауруға қарсы тұру қабілетінің әлсіздігі , азып-тозуы, тез шаршағыштығы, өмірінің қысқа болуы – осы жайттардың айқын көрінісі. Бұл мәселелердің барлығы жастар арасында тәрбие жұмыстарының жұтаңдығының салдары екендігі даусыз.

Салауатты өмір салты - адам үшін аса маңызды, денсаулықпен тікелей байланысты құнды форма. Ол адам мәдинетінің бір бөлігі. Ал денсаулық адам бақытының негізгі бөлігі. Қоғамның болашағы әрбір адам денсаулығына байланысты. Денсаулыққа тек дененің сыртқы бүтіндігі ғана деп қарау ағаттық, жалпы алғанда оны организмнің жан-жақты дамуымен бүкіл қызметтердің жүзеге дұрыс асырылуы деп ұққан жөн.

Бала тәрбиесі алдымен отбасынан басталады деп есептеймін, оған қоса біз балаға рухани тәрбие және стихиялық тәрбие береміз. Отбасы тәрбиесі ол ата-анасы. туыстары, отбасындағы дәстүрлер. Рухани тәрбие – ол балабақшадан басталады, мектеп, ақпараттық құралдар. Стихиялық тәрбие - адамдармен қарым-қатынасы, қоршаған орта, жұ мыс орны.

Өмір салты мен денсаулық арасындағы озара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын

қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру бұл:

- Біріншіден, жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, оз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;
- Екіншіден, салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Мектептегі оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты: тұлғаның психологиялық, дене – қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының уәждамаларын, жеке бас тазалығын жете түсіндіру;

Олардың мінез – құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру, өзіне - өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау, нығайту, мәдени – гигиеналық мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек?

Өмір салты дегеніміз не?

Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру.

Біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;
- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- дұрыс жыныстық тәрбие алу;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың мазмұны мен ұйымдастыру формалары мынаны көздейді:

- Жауапкершілік, оз денсаулығына жауапкершілікпен қарау;
- Табиғи сезімталдық, оқушылардың жас ерекшелігін ескеру;
- Ғылымилық, тек тексерілген ғылыми дәлелденген деректерге ғана сүйену;
- Экологияландыру, адам организміне қоршаған орта факторларының әсерін білу;
- Ұлттық аймақтық ерекшеліктерді ескеру, салауатты өмір салты туралы ұлттық салт-дәстүрлерімен танысып оны ұстана білу;
- Үздіксіз оқыту, салауатты өмір салты дағдыларын үздіксіз қалыптастырып үнемі пайдалану;
- Әлеуметтендіру, салауатты өмір салтын ұстанған қоғам мүшесін дайындау.

Осы ұстанымдарды негізден жасоспірімдерді салауатты өмірге тәрбиелеу барысында

мұғалімнің орны ерекше болуы тиіс. Мұғалім мектептегі басты тұлға. Қай мектептің болсын нәтижелі, жемісті жұмыс істеуі түптен келгенде сол мектепте еңбек ететін әр мұғалімнің өз міндетіне, көзқарасына тікелей байланысты. Әрбір сыныпта ұстаз алдында отырған шәкірттері де сол болашаққа барар жол үстіндегі талапкерлер.

Қазақстан Республикасының «Білім заңында» мектеп оқушылары бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, адамзаттыққа тәрбиелеу және олардың ақыл-ой, танымдық шығармашылық қабілетін анықтау басты міндет екендігі айтылған. Осы міндеттердің жауапкершілігі негізінен мектептегі сынып жетекшісіне жүктеледі. Сондықтан оқушы бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой,танымдық сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құруды көздейді

Баланың іс әрекетіне көмек беру.

(психологиялық тренинг)

Сәтті күн болсын, құрметті ата - аналар!

Ата - аналар үшін "Баланың оқу іс - әрекетіне көмек"

1.Баланың сабағын жеңілдететін жағдай жасауға тырысыңыз, тұрмыстық – жақсы тамақтану, тұрақты режим, толыққанды ұйқы, жайлы тұрмыстық жағдай, сабақ оқуға жайлы және ыңғайлы орын; эмоционалдық – баланың мүмкіндігіне сенімділік артыңыз, табысты орындауынан үміт күтіңіз, кішкене жетістігі болса да, қуанышыңызды білдіріңіз, баланың оқуына төзімділік, мейірімділік танытыңыз, бала үлгермей жатсақатты сөйлемеңіз; мәдени – балаңызды анықтамалармен, сөздіктермен, атластармен, бейнетаспалармен, мектептің оқу бағдарламасына сәйкес кітапшалармен қамтамасыз етіңіз.

2.Өз балаңызды тыңдаңыз: ол жаттауға, есте сақтауға берген тапсырманы айтып шықсын, жазуға берген мәтінді бөліп-бөліп, асықпай оқыңыз, оқулықтағы сұрақтар бойынша сұраңыз т.с.с.

3.Өзіңіздің бала кезіңіздегі жетістіктеріңіз туралы айтып, білімдеріңізбен бөлісіңіз.

4.Ата-ананың назарында баланың бағасы ғана емес, білім болу керектігін есте ұстаңыз.Сондықтан да баланың болашағы туралы ойлан, алған білімінің қай кезде, не үшін қажеттілігін түсіндіріңіз. Баланың оқуға белсенділігін тудыратын отбасылық дәстүрлер мен әдеттер құрыңыз,

5.Баланың бос уақытын құр қалдырмай, оны мазмұнды әрі, пайдалы етіп өткізуге көмектесіңіз.

6.Балаңызды оқу үлгеріміне қарамай, жақсы көретініңізді сездіріңіз.

7.Балаңызды жан-жақты бақылау үшін және мүмкін көмектер көрсету үшін әрдайым балаңыздың қатысатын үйірмелерінің, факультативтерінің, қосымша сабақтарының, сабақ кестесімен танысыңыз.

Балаңыздың қуана мектепке баруы үшін не істеуге болады?

(Ата-аналарғакеңес беру жұмыстары)

- Оныңуақытылыұйықтауғажатуынқадағалаңыз. Ұйқысықанбаған бала - сабақтамұңаюлықұбыжық.
- Мектептуралыжаманайтпаңыз, Баланыңкөзіншемұғалімдердісөзқылмаңыз.
- Бала тапсырмаларға, мектептенәкелгенкітаптарына сіздіңқызығушылықтанытып, қадағалайтыныңыздыкорсін.
- Өзіңізоқыңыз, бала ата-аналарының бос уақытын тек теледидар мен компьютер алдындаоткізбейтінінбілсін, көрсін.
- Компьютерлікойындаойнауды бала күнінде 20 минуттанасырмауытиіс.

- Балағаозойынжазбашажеткізудіүйретіңіз: онымен хат жазыпалмасыңыз, бірге хат жазыңыздар. Егер бала сізбен қаттыәсералғаноқиғасыменболіссе – солоқиғажайлыәңгімекұрастырыпжазуынөтініңіз , ал кешкісін оны барлықотбасымүшелеріңеоқыпберіңіз.

- Мектеп пен сыныпомірінеүнемібелсенділіктанытыңыз. Балағаоның мектебіңіздіңомірің іздің маңыздыболігінеайналуыжақсыәсереТеді.

- Мектептесіздіңбалаңызозінедегенөтежағымсызқатынасқақақтығысыпқалуым үмкін. Және де барлығыәрқашаніске аса бермейді. Осы сәттебалағаозінедегенсенімінжоғалтпауғакомектесіңіз.

- Кейде бала барлықмектептікжағымсызжағдайлардыжүректерінежақынқабылданқалуымүмкін. Әркезоғанненіңмаңызды, ненің аса маңызсызекенінүйретіңіз.

- Балаңызғаұрыссаңыз, «сен әрқашан», «сен мүлдем», «әркез сен» дегенсөздердіқолдануданаулақболыңыз… Негізіндесіздіңбалаңызәрқашанжақсы, тек бүгінғанабірнәрсенідұрысістемеді. Осы туралыоғанайтыңыз.

- Әдетте бала жаманқылықістегендеолұялусезімінбастанкешіреді. Ал сіз оны жазалағанда, оныңұялусезіміөшеді. Ал бұлқауіпті.

Dostyk School Shymkent мектебі ата-аналар жиналысының

Хаттамасы № 3

12.01.2025 жылы

Қатысқандар:

Ата- аналар, мектеп әкімшілігі,сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Қылмыстың алдын алудағы ата- аналар жауапкершілігі»

1. Қылмыстың алдын алудағы ата- аналар жауапкершілігі (баяндама) ДТІЖО Шәкен Ә.
2. ҚР ҚК, ҚР ӘК баптарына енгізілген жаңа озгерістермен таныстыру, түсіндіру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ДҚТІЖО сөз алды:

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жонінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың -

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты 2-ші мөлтек ауданында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Қаламызда жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында прокуратура, ішкі істер, сынып жетекшілер мен ата-аналардың қатысуымен «Түнгі қаладағы бала», «Жасөспірім», «Жазғы демалыс», «Бала және отбасы» бірлескен профилактикалық рейдтері жүргізілуде.Қазіргі таңда ішкі істер органдарымен бірлесе отырып балаларға қатысты қатыгез қарым-қатынас пен зорлық-зомбылықтың алдын алу, «Түнгі қаладағы бала» профилактикалық рейдтерді өткізу, жасөспірімдер мен балалар арасындағы қайғылы жағдайлардың алдын алу бойынша іс-қимыл жоспарлары жүзеге асырылуда. Дегенмен де, алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың орын алуына итермелейтін бірқатар себептер де бар екендігі туралы айтып өтті.

Ол өз сөзінде ата- аналарды 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР Қылмыстық кодексінің, ҚР Әкімшілік кодексінің баптарына өзгеріс енгені туралы түсінік берді.

127-бап . Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы

442-бап. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуы

443-бап. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ерін жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде болуы

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі

140-бап. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау

1. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты педагогтің немесе оқу, тәрбиелеу, емдеу мекемесінің немесе кәмелетке толмаған адамды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге мекеменің басқа да жұмыскерінің кәмелетке толмаған адамның алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына не оның қылмыс, қасақана қылмыстық теріс қылық немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасауына әкеп соққан, дәлелсіз себептермен орындамауы немесе тиісінше орындамауы –

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не алпыс тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Шешімі:

1. Қылмыстың алдын алудағы ата- аналар жауапкершілігі туралы баяндама назарға алынсын.
2. ҚР ҚК, ҚР ӘК баптарына енгізілген жаңа өзгерістер туралы мектеп оқушыларына түсіндіру жұмыстары жүргізілсін..

Хатшы:

ҚР ҚК, ҚР ӘК баптарына енгізілген жаңа озгерістер.

127-бап .Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы

1. Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі міндеттерді орындамауы –

жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

442-бап. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуы

1. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде

болуы –

заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

заңды өкілдеріне он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

443-бап. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ерін жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде болуы

1. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ерін жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы –

заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

заңды өкілдеріне он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі

140-бап. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау

1. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты педагогтің немесе оқу, тәрбиелеу, емдеу мекемесінің немесе кәмелетке толмаған адамды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге мекеменің басқа да жұмыскерінің кәмелетке толмаған адамның алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына не оның қылмыс, қасақана қылмыстық теріс қылық немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасауына әкеп соққан, дәлелсіз себептермен орындамауы немесе тиісінше орындамауы –

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не алпыс тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты педагогтің немесе оқу, тәрбиелеу, емдеу мекемесінің немесе кәмелетке толмаған адамды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге мекеменің басқа да жұмыскерінің кәмелетке толмаған адамға қатыгездік танытуымен ұласқан орындамауы немесе тиісінше орындамауы –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу

жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

«Қылмыстың алдын алудағы ата- аналар жауапкершілігі»

Жастар арасындағы қылмыстың алдын-алу мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Жасөспірімдердің және жастардың қылмысы туралы мәселе құқық қорғау жүйесінің ғана емес, сонымен қатар басқа да мемлекеттік ұйымдардың және азаматтық қоғам институттарының үнемі қадағалауын талап ететін басты мәселенің бірі. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс қашан да ұлттық тұтастығымызға, ел болашағына қауіп төндірері сөзсіз. Жаңадан өркендеп келе жатқан ұрпақтың қылмыстың бұралаң жолдарын таңдауы - дәуір қасіреті. Сотталған жасөспірімдердің көбеюі - қоғам өмірінің келеңсіз жақтарын, халықтың әлеуметтік ахуалының төмен екенін байқатады. Қоғамда неғұрлым дені сау, еңбекке жарамды азаматтар көбейген сайын мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы а жедел дами бастайды. Бүгінде түрмеде отырған азаматтардың 70% пайызы жас адамдар. Сотталушылар қатарында кәмелеттік жасқа толмағандардың көбеюі біздің қоғамды алаңдатпауы мүмкін емес. Қылмыстық жауапкершілікке қылмысты жасау кезінде жасы 16-ға толған азаматтардың тартылатындығы белгілі. Алайда, адам өлтіргені, қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру, ауырлататын мән-жайларда денсаулыққа қасақана орташа ауырлықта зиян келтіру, зорлау, жыныстық сипаттағы зорлық әрекеттері, адамды ұрлау, ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алу, ауырлататын мән-жайларда көлікті айдап кету, терроризм, адамдарды кепілге алу, қаруды ұрлау немесе қорқытып алу, оқ-дәрі, жарылғыш заттар мен басқа да құрылғылар, ауырлатылған мән-жайларда бұзақылық, тағылық, есірткі заттар мен психотроптық заттарды ұрлау немесе қорқытып алу ауырлататын мән-жайларда мәйітті немесе олардың көмілген жерлерін қорлау, көлік құралын немесе темір жолдарын қасақана жарамсыздық жағдайға келтірген үшін тұлғалар 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Сот тәжірибесі көрсеткендей, кәмелетке толмағандар көбінесе ұрлық, тонау секілді қылмыстар жасайды. Соңғы кезде аталған қылмыстар ішінде ұялы-телефондарды ұрлау жиі орын алуда. Мұндай қылмыстық істер бойынша жәбірленушілер құқық бұзушылардан жасы кіші, әлсіздеу, кәмелеттік жасқа толмағандар болып табылады.

Сот тәжірибесі көрсеткендей жасөспірімдер өз әрекеттерімен қауіп төндіретіндігі түсіндіреді. Жасалатын іс-әрекеттің қауіптілігі жасөспірімге «өзгенің өмірі мен мүлкіне тиіспе», дегенді бала кезінен ата-анасы немесе тәрбиеленушілерінің үйретуіне байланысты. Кішкентай кезден бастап пайдалы ақыл-кеңес, дұрыс бағыт беру нәтижесінде қылмыстық әрекеттердің қауіптілігін сездіруге болады. Кәмелеттік жасқа толмағандардың істерін қарау барысында, олардың жеке басы, тәрбиелену мен өмір сүру жағдайлары қылмысты жасау себептері, қылмысты жасауға себеп болған жағдайлары, оған деген ересектердің әсері - мұның бәрі тәрбиелеу бағытындағы шара қолдану мен жаза тағайындауда ескеріледі. Кей жағдайда ата-аналардың жасөспірімге дұрыс тәрбие бермеуі мен қылмыстық әрекеттерге бармауы туралы ескертуінің кемшілігі - құқық бұзушылық себебі болады.

Қылмыс жасағаны үшін жазаға тартқаннан гөрі оның алдын алған әлдеқайда жақсы. Алдын алу жұмысының нәтижелі алғаш жасалған теріс қадамның дер кезінде анықталуынан ғана емес, сонымен бірге кәмелетке толмағандардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге де байланысты. Мектеп жасындағы балалардың құқықтық сапасының төмендігі олардың қылмысты көп жасауына, заң талаптарына оз талаптарын қарсы қоюына әкелін соғады. Сондықтан оқушылар қылмысының алдын алып, құқықтық тәрбие беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Құқықтық тәрбие - кәмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдерді қажетті заңдылық біліммен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Жастарды заңның негізгі принциптерін білін қана қоймай оны меңгере білуге де үйрету қажет.

ШЕШІМ:

ЖОЖ вариативті компененттік сағаттарды 10 - 11 сыныптарда жекелей, топтық сабақ, элективті курстарды сабақ кестесіне сәйкес оқу уақытында штаттық режимде өткізу;

11 сыныптардың ата-аналарына мектептік қортынды аттестаттауға дайындықты қамтамасыз ету;

. «Билим Ленд» қолдануды ұсыну ;

. Ата-аналарға БЖБ (1ден 13наурыз), ТЖБ (15 тен 19.03 дейін) дайындық және өткізу уақытына бақылау жасау. Кесте мектеп сайтында орналасқан және күнделікті, сабақ кестесі арқылы жеткізу;

. Оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою мақсатында ата-аналардың өтініші бойынша жеке консультациялар өткізу;

4.1. Заңды өкілдердің құжаттарын ұсыну ережесі, білім алушылардың тізімі назарға алу.

10-11 сыныптарға құқық бұзушылық фактілерін және білім алушылардың психологиялық көңіл-күйін анықтау бойынша сауалнама жүргізу;

5.3. Ата-аналар мен сынып жетекшілеріне оқулықтар мен компьютерлік техниканы сақтау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

10-11 сыныптың ата-аналары мен сынып жетекшілеріне жасөспірімдердің аутогрессивті әрекеттері туралы әңгімелер өткізу, әлеуметтік желідегі балалар қараған мазмұнға назар аудару;

. Ерте жүктіліктің алдын алу және аурулардың алдын алу шаралары туралы–

. Ата-аналар мен сынып жетекшілері мектеп әкімшілігін құқық бұзушылық фактілері, оқушылардың психологиялық денсаулық жағдайы туралы уақтылы хабардар ету;

5.7. Оқушылармен, Төтенше жағдайлар туындаған кездегі іс-қимылдар және көктемгі демалыста ҚТ сақтау мәніне нұсқаулықтар өткізу;